**"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 қаңтар N 110

"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын одан

әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 25 қаңтардағы
N 110 қаулысымен
бекітілген

"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық
мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың
2001-2005 жылдарға арналған жоспары

1. Кәсіпорынның сипаттамасы

1.1. Кіріспе

"АТСП" РМК дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары 1996-2000 жылдардың нақты мәліметтері негізінде және 2000 жылдың қаржылық және өндірістік

көрсеткіштері негізінде әзірленді. Жоспар мынадай көрсеткіштерден тұрады: сипаттама , өндірістік-қаржылық жағдайды талдау және 2001-2005 жылдарға арналған даму жоспары және негізгі бөлімге (4.1. ден бастап 4.11. дейін) қоса берілген.

Даму жоспарының қаржылық және пайдалану көрсеткіштері туралы болжам олардың ұлғаюына және азаюына әсер ететін факторларды ескеріп, қалыптасқан және жоспарланып отырған жүк ағындарын тиянақты талдауға негізделген.

Даму жоспарының көрсеткіштері 2001-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспары мен 2001 жылға арналған есеп саясатының бекітілген қаржылық есебіне сәйкес қалыптастырылған.

Олар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N

1263

P011263_

қаулысына сәйкес N 4, 5 мұнай айлақтарын "Қазтеңізкөлікфлоты" ҰТКК" ЖАҚ мүліктік жалға берілуіне байланысты бұрын берілген жобамен салыстырғанда кейбір нақтылауға ұшырады, бұл жоспарланған кезеңге шамамен 66,6%-ға "АТСП" РМК-да мұнай тасымалдау көлемінің едәуір түсуіне әкеледі. Сонымен қатар 2001 жылғы 14 қарашада N 3-02/11-1582/11 хатпен ҚР Әділет министрлігі ұсынған даму жоспары бойынша ескертпелер ескерілген.

Жылдар бойынша теңгенің долларға орташа бағамы мынадай болып қабылданады:

2000 жыл - 142,4
2001 жыл - 147,1
2002 жыл - 154,6
2003 жыл - 161,1
2004 жыл - 166,6
2005 жыл - 172,1 (болжамды мәліметтер бойынша қабылданды)

## 1.2. Кәсіпорын туралы жалпы мәліметтер

"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - " Кәсіпорын") Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ақтау теңіз сауда порты" акционерлік қоғамының мәселелері" туралы 1996 жылғы 26 наурыздағы N 356 P960356 _ және "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының

мәселелері" туралы 1997 жылғы 23 сәуірдегі N 644 P970644_ қаулыларына сәйкес акционерлік қоғамнан мемлекеттік кәсіпорын болып қайта құрылды. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы (шаруашылық жүргізу құқығындағы)" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790_ қаулысының негізінде Кәсіпорын Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне енгізілді, 1996 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау әділет басқармасында тіркелді, куәлік N 513-1943-ГП. Кәсіпорын Ақтауда және Баутинода орналасқан екі портты пайдаланады. Кәсіпорынның Бас кеңсесі Ақтау қаласында орналасқан.

Ақтау теңіз сауда порты Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан. Ақтау порты 1963 жылы салынды және алғашқыда Маңғышлақ аймағының урандық өнеркәсібі мен мұнай кен орнын дамытуды қолдау мақсатында құрылды. Соның салдарынан порт БН-350 атом электростанциясын, химиялық сала зауыттарын және тікелей Ақтау қаласының өзін салуда маңызды рөл атқарады.

Портты дамытудың басында бас және қосалқы толқын тосқыдан және сонымен қатар төрт құрғақ жүкті айлақтардан тұрды. 1969-1986 жылдар кезеңінде төрт мұнай құю айлағы, сондай-ақ паромды кешен жасалды.

Кеңестер Одағы ыдырағанға дейін Ақтау порты арқылы тасымалдаудың едәуір бөлігі мұнай тасымалдау болды, яғни 80-жылдардың басында жылына 7 млн. тоннаға дейін құрғақ жүк тасымалдары жылына 300 мың тоннадан асқан жоқ.

Кеңестер Одағының ыдырауына байланысты құрғақ жүк және мұнай тасымалдау көлемдері айрықша төмендеді. Тасымалдардың өсуі 1995 жылдан - қазақстандық металды қарқынды экспорттау және мұнай тасымалдау көлемінің ұлғаюынан бастап байқалды.

Каспий теңізі деңгейінің көтерілуіне байланысты 90-жылдардың басында туындаған проблемалардың алдын алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі 1993 жылы Еуропа Қайта құру және Даму Банкіне (бұдан әрі - ЕҚДБ) Ақтау портын қайта жаңартуға қаражат инвестициялау туралы сұраныспен шықты.

1993 жылдың қыркүйегінде ЕҚДБ портты қайта құрудың Бас жоспарын дайындауға кірісті.

Бас жоспар бойынша зерттеулер негізінде ЕҚДБ заемды қайтаруға Қазақстан экономикасының әлеуетінде жеткілікті сенімділік және портты қайта жаңартудың 1-кезеңін Қазақстандық тараптың жобаны құнның кемінде 25% міндетті ортақ қаржыландыру шартымен құны 74 млн. АҚШ долларын инвестициялау қажеттігі туралы қорытынды шығарды. Портты қайта құру 1997-1999 жылдары жүзеге асырылды.

1999 жылдың қыркүйегінде портты қайта құрудың 1-кезеңінің аяқталуы нәтижесінде құрғақ жүкке қызмет көрсету бойынша порттың тиеп-түсіру мүмкіндіктері жылына бұрынғыдай 8,0 млн. тонна мұнай тиеп-түсіру бойынша мүмкіндіктерін сақтай

отырып, жылына 1,5 млн. тонна деңгейге дейін жеткізді.

## 2. Ақтау портының өндірістік-қаржылық жағдайын талдау

Даму жоспары қазіргі жағдайды талдауға негізделген.

Қазіргі кезде Ақтау порты оның дамуына табысты болжайтын негізгі технологиялық факторлары бар қазіргі заманғы көп мақсатты терминалды білдіреді, атап айтқанда:

i. Ақтау порты кеме мен қойма арасында жүктерді жеңіл және жылдам көлденең тиеп-түсіруге мүмкіндік бере отырып, қазіргі заманғы порттың жұмысында негіз болып табылатын үлкен қоймалық алаңдармен қамтамасыз етілген;

ii. Кең алаңдардың болуы (50000 кв.м астам ашық алаң және 6000м2 жабық транзиттік қойма) жүктерді, оның ішінде ауыр салмақты жүктерді тиімді сақтауға, сондай-ақ контейнерлер паркін тиімді өңдеуге мүмкіндік береді;

iii. Порт бас және тиелетін жүктерді өңдеуге арналған N 1, 2, 3 үш әмбебап айлақпен, астықты және ауыр салмақты жүктерді экспорттауға арналған бір N 6 арнайы айлақпен қамтамасыз етілген. Айлақтардың жалпы ұзақтығы - 550 м, ол бірден 4 кемені өңдеуге мүмкіндік береді.

iv. Үш (N 4, 9, 10) мұнай құю айлағы қанағаттанарлық жағдайда. Олардың бір уақытта салмағы 12000 тоннаға дейін 3 танкерді өңдеуге мүмкіндік бар. 2001 жылдың қазанында N 4, 5 және 9 мұнай айлақтары "Қазтеңізкөлікфлоты" ҰТКК" ЖАҚ-на мүліктік жалға берілді.

Уәкілетті органдардың, шектес көлік ведомстволарының ("ҚТЖ" РМК) және кеме қатынайтын компаниялардың келісімі бойынша 2000 жылы белгіленген тиімді тарифтік режим металл өнімдерін тасымалдау көлемінің көбеюіне мүмкіндік берді.

"Испат-Кармет" металлургия комбинатынан қара металл өндіру экспортының көлемі ұлғайды.

2000 жылдың қазанында алғаш рет Құмкөл кен орнынан мұнай жөнелтілді, 2001 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша мұнайды тиеп-түсіру көлемі шамамен 620 мың тоннаны құрады, одан әрі Құмкөл кен орнына Ақтау порты арқылы мұнайды тиеп-түсірудің көлемін ұлғайту болжануда.

2001 жылы қуаты 300 мың тонна астық терминалы іске қосылды, бұл тек отандық өндірушілердің астығын тиеп-түсіруді ұлғайту үшін ғана емес, сондай-ақ транзиттік жүктерді тарту үшін қолайлы жағдай туғызды.

Егер 2001 жылы күтіліп отырған астықты тиеп-түсіру шамамен 25 мың тоннаны құраса, одан әрі 2005 жылға қарай астықты тиеп-түсіру көлемі жылына 300 мың тоннаға дейін жоспарланып отыр.

2000 жылдың 15 қыркүйегінен бастап көптеген келіссөздер мен қол жеткізілген уағдаластықтар нәтижесінде Ақтау-Баку-Ноушахр (Иран) қатынасындағы

автопаромдық желі жұмыс істей бастады.

Еуропа мен Азияны байланыстыратын "ТРАСЕКА" құрлықаралық бағыттарының бір буыны болып табылатын паромдық кешеннің пайдалануға енгізілуі экономикалық байланыстарды белсендендіруге, экспорт-импорттық және транзиттік тасымалдардың көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Әзірленген "АТСП" РМК-ның 2002 арналған Бизнес-жоспарының негізінде паромдық кешен арқылы жүктерді тиеп-түсірудің жоспарланған көлемі жылжымалы құрамды (темір жол вагондары, цистерналар) есептегенде 816 мың тоннаны құрайды:

мұнай - 400 мың тонна;

құрғақ жүктер - 182 мың тонна.

Одан әрі 2002 жылы паромдық кешен арқылы жүктерді тиеп-түсіру көлемін 816 мың тоннадан 2005 жылы 830 мың тоннаға дейін көбейту жоспарланып отыр.

"Каспар", "Хазар Шиппинг", ТШО "Тенгизшевройл" сияқты және басқа да фирмаларымен ұзақ мерзімді байланыстар нығаюда. Порт клиенттерінің саны көбейді. Мұнай және мұнайөнімдерін жөнелтушілердің арасында "Тексако Норс Бузачи", " Тельф АГ", "Каспиан Карго Сервисез" және "Алина және Т" сияқты жаңа фирмалар пайда болды.

Тиеп-түсірілетін жүктердің түрі көбеюде, тек металдардың 10 түрі тиеп-түсіріледі, олардан басқа азық-түлік, жабдықтар, ағаш материалдары, кен және басқалар түсіріледі .

Жүк ағындарының жаңа бағыты пайда болды, мысалы 2000 жыл бойы Түркияға бір жылдың ішінде 30,3 металл сынықтары тиеліп-түсірілді. Қостанай облысынан Иранға асбест түсіру жүргізілуде, бір жылда 5,9 мың тонна асбест тиеліп-түсірілді. Атыраудан Иранға кокс түсіріледі, ал Ираннан Қазақстанға қорғасын концентраты тасымалданады, бір жылда 13,9 мың тонна кокс және 9,3 мың тонна қорғасын концентраты тиеп-түсірілді. Сонымен

қатар көлік байланыстарының кеңеюі Ақтау порты арқылы тиеп-түсірілетін жүк номенклатурасын ұлғайтуда.

## 2.1. 1996-2000 жылдарға порт жұмыстарының қорытындылары

Өткен бесжылдыққа талдау, негізгі өндірістік көрсеткіштердің біртіндеп өсуін көрсетеді.

1996-2000 жылдар кезеңіндегі бизнес-жоспар көрсеткіштерінің орындалуын талдау

| Атауы | Өлшем | 1996 | 1997 | 1998 | 1999 | 2000 |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | ! бірлігі ! | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мұнай | мың тонна | 101 | 867,9 | 1815,3 | 2066,8 | 3385,5 |
| Құрғақ жүктер | мың тонна | 258 | 271,6 | 167,5 | 273,4 | 736,2 |
| Оның ішінде: Металл | мың тонна | 222,1 | 225,7 | 140,1 | 235,4 | 701,5 |
| Басқалар | мың тонна | 36,8 | 45,9 | 27,4 | 38,0 | 42,7 |
| Астық | мың тонна | 16,4 | 10,7 | 27,9 | 7,6 | 14,5 |
| Паромдық тасымалдар | мың тонна | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |
| Жалпы тиеп-түсіру | мың тонна | 376 | 1150,2 | 2010,7 | 2347,8 | 4144,2 |
| Сатудан түскен кіріс | млн.теңге | 181,0 | 312,5 | 467,5 | 899,2 | 2227,7 |
| Өндірістік өзіндік құны | млн.теңге | 138,0 | 161,4 | 199,5 | 317,8 | 598,4 |
| Жалпы пайда | млн.теңге | 43,0 | 151,1 | 268,0 | 581,4 | 1629,3 |
| Таза пайда | млн.теңге | 18,6 | 7,1 | -389,4 | -121,4 | 559,4 |
| Негізгі қорлар | млн.теңге | 469,1 | 469,1 | 867,6 | 5897,7 | 6205,9 |
| Орташа саны | адам | 267 | 283 | 280 | 263 | 296 |
| Жұмысшыға орташа айналым | млн.теңге | 0,68 | 1,10 | 1,67 | 3,42 | 7,5 |
| Жұмысшыға орташа айналым/тн | мың тонна | 1,4 | 4,1 | 7,2 | 8,9 | 14,0 |

## 2.2. 2000 жылға бизнес-жоспардың орындалу қорытындылары

### Сатулар бюджеті

Жыл қорытындысы бойынша сатулар көлемі:

3 млн. 712 мың тонна жүкті жалпы тасымалдау 4 млн. 144,2 мың тоннаны құрады немесе жоспарға 111,6%. 3 млн. 385,5 мың тонна мұнай немесе жоспарға 105,8% және 736,2 мың тонна құрғақ жүктер немесе жоспарға 178,7% тиеп-түсірілді, оның ішінде жоспар бойынша металдарды тиеп-түсіру 189,6%, басқа да жүктерді 102,0% орындалды . Пароммен 8 мың тонна жүк тиеп-түсірілді. Астықты тиеп-түсіру 14,5 мың тоннаны құрады, жоспар бойынша 100 мың тонна болатын. Өткен жылмен салыстырғанда жүктерді жалпы тиеп-түсіру 76,5% немесе 1 млн. 796,4 мың тоннаға өсті. Оның ішінде мұнай бойынша - 63,8% немесе 1 млн. 318,7 мың тоннаға, құрғақ жүктер бойынша 2,7 есе немесе 477,7 мың тоннаға өсті. Металды тиеп-түсіру 3 есеге өсті.

### Сатулардан түскен кірістер

Есеп беру кезеңіне негізгі қызметтен түсетін кіріс жоспары 1 млрд. 613,6 млн. теңге жоспары бойынша 138,1% орындалды, 2 млрд. 227 млн. теңге (15,7 млн.доллар) сомасына кіріс алынды, жоспардың үстінен 614,2 млн.теңге (4,3 млн. доллар) сомасына кіріс алынды. Өткен жылмен салыстырғанда кірістер 2,5 есеге немесе 1 млрд. 328,6 млн.теңгеге (9,3 млн. доллар) өсті.

### Өзіндік құн

Өндірістік өзіндік құн 2000 жылға 598,4 млн. теңгені құрады. Оның жоспарға қарсы абсолюттік өсуі 24,4% құрады, ал кірістің нақты көлеміне қайта есептегенде 183,6 млн. теңге (480,8*1,381-480,8) үнемделді. Жоспарға қаржы әкімшілік шығыстар 23,5% азайды, маркетинг бойынша шығыстар 52,8% өсті. Өткен жылдардың резервін қайтаруды ескере отырып, жалпы шығыстар

бойынша 92,7 млн. теңгеге үнемделді. Нәтижесінде негізгі қызметтен түсетін кіріс бағамдық айырма бойынша 3,2 есеге артық орындалды. Бағамдық айырманы ескере отырып, 399,1 млн. теңге жоспарлық шығын кезінде салыққа дейінгі таза кіріс нақты 872,1 млн. теңгені құрады.

1999 жылмен салыстырғанда өндірістік өзіндік құн 88,3% өсті. Бұл құрғақ жүктерді тиеп-түсіру 2,7 есеге өскенін көрсетеді.

## 2001 жылғы 31 желтоқсанға арналған ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

Есеп беру кезеңіне операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары түсімі 2 млрд. 193,9 млн. теңгені құрады. Соның ішінде: жұмыстар мен қызметтерді сатудан - 2 млрд. 145,4 млн. теңге, депозиттер үшін сыйақы - 21,6 млн. теңге, өзге де түсімдерден - 7,9 млн. теңге, оң бағамдық айырмамен - 18,7 млн. теңге.

Алынған қаражаттар мыналарға жіберілді:

- жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысуға - 299,2 млн. теңге;
- жалақы бойынша есеп айырысу - 155,7 млн. теңге;
- жинақтаушы зейнетақы қорларына төлемдер - 16,1 млн. теңге;
- салықтар - 426,5 млн. теңге;
- ЕҚДБ пайыздары - 463,5 млн. теңге (3,2 млн. доллар);
- басқа да төлемдер - 50,7 млн. теңге;
- теріс бағамдық айырманы түзеу - 2,4 млн. теңге.

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының істен шығуы 1 млрд. 414 млн. теңгені құрады, оң қалдық 779,5 млн. теңгені құрады. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының істен шығуы 609,2 млн. теңгені құрады. Негізгі қорларды сатып алуға 609,1 млн. теңге, оның ішінде заемдық қаражаттар есебінен 587,9 млн. теңге және жеке қорлар есебінен 21,2 млн. теңге жұмсалды.

Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының түсімдері 558,2 млн. теңге, оның ішінде ЕҚДБ несиесі 208,2 млн. теңге және Эксимбанк несиесі 350,0 млн. теңге сомасын құрады.

Ақша қаражаттарының істен шығуы (ұзақ мерзімдік несиені өтеу) 632,5 млн. теңгені (4,4 млн. АҚШ) құрады. Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары 74,3 млн. теңгені құрады.

2000 жылдың 31 желтоқсанына ақша қаражаттарының қалдығы 494,2 млн. теңгені құрады, бұл 1999 жылдың соңындағы деңгейден 95,9 млн. теңгеге көп.

Осы орайда Кәсіпорын 2000 жылы ЕҚДБ несиесі және пайыздары бойынша негізгі қарызды төлеуді қамтамасыз етті, пайдалану шығыстарын жапты кезекті пайыздарды және 3,2 млн. АҚШ доллары сомасында 2001 жылғы наурызға заемнің негізгі сомасын төлеу үшін жыл соңына қор жинады.

2.3. "АТСП" РМК қаржылық жай-күйін көрсеткіштерін талдау

1. Біріктірілген теңгерім мың теңге

| Айқындамалар атауы | Есеп беру күндері | | |
|---|---|---|---|
| | 01.01.99 | 01.01.00 | 01.01.01 |
| Актив | | | |
| Тұрақты активтер | | | |
| - материалдық емес активтер | 319,4 | 454,1 | 441,4 |
| - негізгі қорлар | 685183,3 | 5621895,2 | 6205880,3 |
| аяқталмаған капиталдық салымдар | 3363179,0 | 596970,7 | 119992,7 |
| === Тұрақты активтердің жиыны | 4048681,7 | 6219320,0 | 6326314,4 |
| - материалдар | 5537,9 | 54647,8 | 64921,4 |
| - дайын өнімдер мен тауарлар | 29,2 | 18,8 | 50,1 |
| - дебиторлық берешек | 59279,7 | 49038,7 | 83618,8 |
| - болашақ кезеңдер шығыстары | | 172,8 | 12407,1 |
| - ақша қаражаттары | 239449,7 | 398265,6 | 494263,1 |
| - басқалар | 40786,5 | 15113,8 | 32514,6 |
| === Ағымдағы активтер жиыны | 345083,0 | 517257,5 | 687775,1 |
| Активтер жиыны | 4393764,7 | 6736577,5 | 7014089,5 |
| Пассив | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жеке капитал: | | | |
| - жарғылық капитал | 235641,8 | 235641,8 | 235641,8 |
| - қосымша төленбеген капитал | 20389,7 | | |
| - резервтік капитал | 2258,3 | | |
| - бөлінбеген кіріс (жабылмаған шығын) | -332855,9 | -3544226,0 | -3272453,5 |
| === Жеке капитал жиыны | -97214,1 | -3285396 | -3036811,7 |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | | | |
| - ұзақ мерзімді несиелер | 3822329,2 | 9135626,2 | 8805318,3 |
| - мерзімі ұзартылған салықтар | | - | 191825,8 |
| Жиыны | | 9135626,2 | 8997144,1 |
| Ағымдағы міндеттемелер: | | | |
| - несиелік берешек | 51517,8 | 464038,9 | 125430,2 |
| - ұзақ мерзімдік несиелердің ағымдағы | | - | 643260,1 |
| - салықтар бойынша берешек | 7349,1 | 9940,7 | 64639,4 |
| - есептелген шығыстар | | 183728,8 | 220366,7 |
| - болашақтағы кезеңдер кірістері | 609782,7 | 220,0 | 60,7 |
| - Ағымдағы міндеттемелер жиыны | 668649,6 | 886887,5 | 1053757,1 |
| Пассивтер жиыны | 4393764,7 | 6736577,5 | 7014089,5 |

2. ӨТЕМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жалпы өтемділік коэффициенті | | 0,52 | 0,58 | 0,65 |
| Жедел өтемділік коэффициенті | | 0,45 | 0,50 | 0,55 |
| Абсолюттік өтемділік коэффициенті | | 0,36 | 0,45 | 0,47 |
| 3. Қаржылық тұрақтылық көрсеткіші | | | | |
| Автономия коэффициенті | | 0,84 | 1,35 | 1,28 |
| 4. Табыстар мен шығындар | | | | |
| Айырма бағамына дейінгі негізгі қызметтен түскен табыс | | 16805 | -91629,7 | 1154480,5 |
| Айырма бағамынан кейінгі негізгі қызметтен түскен табыс | | -361644 | -3188828,0 | 809477,6 |
| Теңгерімдік табыс | | -3887488 | -3171968,7 | 872148 |
| Таза табыс (салынатын салықтан кейінгі | | - | -3164882,5 | 559450,5 |
| 5. ЗАЛАЛСЫЗДЫҚТЫ ТАЛДАУ | | | | |
| Табыстылықты төменгі шекарасы (залалсыздық нүктесі) | | 513635,4 | 1015659,8 | 1073266,7 |
| "Сенімділік қоры" % | | -3,8 | -8,6 | 51,8 |
| 6. ОБОРОКТІК КӨРСЕТКІШТЕР | | | | |
| Дебиторлық берешектің | Күндер | 42,9 | 21,2 | 13,5 |
| Кредиторлық берешектің | Күндер | 52,5 | 51,4 | 42,1 |
| Қорлардың | Күндер | 10,2 | 7,0 | 22,0 |
| 7. Қаржылық цикл | Күндер | 0,6 | -23,2 | -6,6 |

2000 жылғы кәсіпорын балансының құрылымын талдау және оның өзгерістері 1999 жылмен салыстырғанда негізгі қорларды енгізумен және 277,5 млн. теңгеге несие алумен байланысты активтер мен пассивтер теңгерімнің жалпы құны көбейді. Ұзақ мерзімді активтер 90,2% құрайды, ағымдағы активтерде ақша қаражаттары 71,9% құрайды, таза дебиторлық берешек - 12,2%, ол ағымдағы активтердің жылдам өтемділігін көрсетеді.

Теңгерім пассивтерінің құрылымында ағымдағы міндеттемелер 15,0% құрайды. Ағымдағы міндеттемелердің үлкен бөлігін 61,0% ұзақ мерзімдік несиелер құрайды. Осы сома шамамен ағымдағы активтердің сомасына тең, бұл порттың бүгінгі күні сыртқы көздерге едәуір тәуелді екенін білдіреді. Кәсіпорынның шетелдік валютада заемдық қаражат бойынша міндеттемелері бола тұра, жергілікті валютаның құнсыздануына байланысты ЕҚДБ және Қазақстан Республикасының Эксимбанкі алдындағы ұзақ мерзімді міндеттемелерді қайта есептеуден туындаған шығындары бар және соған байланысты айналым қаражаттарының тапшылығы және жабылмаған шығыны бар. Жеке капиталдың 30036,8 млн. теңге сомасында теріс шамасы бар.

Бірақ порттың жеке капиталы - шамасы теріс (теріс бағамдық айырма әсер етеді) екендігін ескере отырып, порттың қаржылық автономдық бағасы сенімді жүргізілуі мүмкін емес.

Қаралатын кезеңге теңгерімнің өтемділігінің өзгеруі мынадай:

2000 жылы 1999 және 1998 жылдармен салыстырғанда жалпы өтемділік коэффициенті 13%, жедел өтемділік коэффициенті 10,2%, абсолюттік өтемділік коэффициенті 30% өсті. 2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда дебиторлық берешек айналымы 1,5 есеге қысқарды, ал 1998 жылмен салыстырғанда 3,2 есеге өсті. 2000 жылы кредиторлық берешек айналымы 1998 және 1999 жылдармен салыстырғанда 18% қысқарды.

2000 жылға пайдалылықтың төменгі шекарасы (залалсыздық нүктесі) 1 млрд. 73,2 млн. теңге, ал 1999 жылға 1 млрд. 15,6 млн. теңге аймағында.

2000 жылға беріктілік қоры 51,8% құрады, ал 1999 жылға 8,6% құрады. 1999 жылға қаржылық цикл - 23,2 күннен 2000 жылы 6,6 дейін төмендеді, бұл 2000 жылы 1999 жылмен салыстырғанда Порттың іскерлік белсенділігінің өскенін көрсетеді.

Кәсіпорын 2000 жылды бүкіл жыл бойы бюджеттің және жалақы бойынша қызметкерлердің алдында берешексіз аяқтады.

01 қаңтардан бастап порт қызметкерлерінің жалақысы 10%, ал 2000 жылғы 01 қазаннан бастап тағы 18% өсті. Жоспарға қарсы есеп беру кезеңіне орташа айлық жалақы 14,6% өсті және 53,9 мың теңгені құрады, ал еңбек өнімділігі 38,4% өсті. Еңбек

өнімділігінің өсу қарқыны 23,8 пайызға жалақының өсуін озып келеді. 1999 жылмен салыстырғанда төлемге кеткен шығыстар 74,1%, орташа айлық жалақы 49,7%, еңбек өнімділігі 2,2 есеге, орташа тізімдік сан 14,3% өсті.

Ұжымды әлеуметтік дамыту бойынша белгілі жұмыстар жүргізілуде, осы мақсаттарға 2000 жылы 19,5 млн. теңге жұмсалды, 1999 жылға қарағанда 47,7% көп. Еңбек жағдайын жақсарту және өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Тұрмыстық корпус салына басталды, жұмыскерлер үшін буфет және асхана жұмыс істейді. Ұжым мүшелері арнайы киіммен, аяқ киіммен және барлық қажетті жеке қорғану қорларымен қамтамасыз етілген.

Мемлекеттік кепілдікпен ұзақ мерзімді несие алу желісі бойынша Портты қайта жаңарту жобасы бойынша барлық жұмыстар аяқталды (1-кезең). 2000 жылдың қыркүйегінде Мердігерді кепілдік алып жүру кезеңі аяқталды.

2000 жылдың аяғына ЕҚДБ несиесі 96,8% игерілді, оның ішінде:

- Транш N1 - 43,77 млн.доллар
- Транш N2 - 12,41 млн. марка.

Ортақ қаржыландыру қаражаттары 100% игерілді.

## Жеке капитал

Жоғарыда айтылғандай қазіргі уақытта жеке капиталдың мәні бағамдық айырманың әсерінен заем бойынша берешекті қайта есептеуден теріс, егер теңге бағамы долларға бесжылдық ішінде 2000 жылдағыдай тұрақты болса, онда капитал мәні негізгі қарызды және Еуропа Қайта құру және Даму Банкі несиесіне пайызды өтеу және ішкі заемның капиталға айналуы болып табылады.

Негізгі қорларды - ұзақ мерзімді активтерді басқару саласындағы Даму жоспары:

- капиталға айналдыру есебінен жарғылық қорды көбейту;
- барлық активтерге және оларды материалдандырған жағдайда порт жұмысын едәуір нашарлатуы мүмкін барлық күтпеген қауіп-қатерге барабар сақтандырушылық орын толтыру құруды қамтамасыз етуді;
- барлық артық және қажетсіз активтерді сатуды;
- пайдаланылмаған активтерді (паромдық тиеп-түсіру) пайдалануды;
- жеке капиталдың өсу жағдайын қамтамасыз етуді;
- портты, кейіннен жекешелендіруді жүзеге асыру үшін алғышарттар жасау көздейді.

Ағымдағы активтерді басқару саласында Жоспарда:

- ЕҚДБ заемы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарындағы төлем бәстерінен асатын пайыздарды есептеумен жедел депозиттік шоттардағы ЕҚДБ алдындағы міндеттемелерді өтеу үшін жиналған ақша қаражаттарын орналастыру;

- дебиторлардың санын және қатаң тәртіптік жаза техникасын қолдану арқылы қаржылық жылдың соңына олардың берешектерінің сомасын едәуір қысқарту. Көрсетілген қызметтер үшін 100% ынталандыратын тарифтік саясат жүргізу .

Ақтау портының экономикалық стратегиясын қалыптастыруда маңызды рөл өндірістік шығындарды төмендету стратегиясына қарайды.

Оның негізгі бағыты шығындарды төмендету есебінен бәсекелестік басымдылықты қамтамасыз ету болып табылады.

## 3. Ұлттық компанияны дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспары

### 3.1. Өндірістік қызметтің басты міндеттері мен негізгі бағыттары

Жарғыға және Порттың дәстүрлер жиынына сәйкес ұлттық компанияның басты міндеттері Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердің тиісті шаруашылық субъектілерінің теңіз көлігінің жұмыстар мен қызмет көрсетулеріндегі және портты әлеуметтік-экономикалық дамытуда алынған кірістер негізінде қажеттіліктерін іске асыруды қанағаттандыру болып табылады. Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін порт:

Теңіз көлігіне көліктің басқа түрлерінен және кері жүктерді тиеп-түсіруді;

Көлік-экспедиторлық қызметтер көрсету;

Жүктермен қоймалық операцияларды;

Теңіз кемелерінің жолаушыларына қызмет көрсетуді;

Кеме капитандарының тапсырысы бойынша кемелерге қосымша қызметтер көрсету (ауыз сумен қамтамасыз ету, льялдық, балластылық, фекальдық суларды алу, қоқыстарды шығару және т.б.).

### Өндірістік қызметті жетілдірудің негізгі бағыттары

Ақтау портының өндірістік саясаты бар жүк көлемі мен бар ықтимал жүк ағымдарының маркетингтік зерттеулер деректері базасында негізделеді.

Маркетингтік болжамдармен растауда жүктердің көлемдерін статистикалық талдау (құрғақ жүк бойынша бизнес-жоспарды жедел артығымен орындау, мұнай құю жүктері бойынша көлемдерді жоспарлы орындау), сонымен қатар маркетингтік тартымдылығын кәсіпорын жағдайының қағидаты ретінде куәландыра отырып және одан әрі операциялық саясат үшін, орындалу тактикасы жыл сайынғы операциялар жоспарымен анықталатын қысқа мерзімді және орта мерзімді өндірістік міндеттерін белгілей отырып, жүк айналымының теңдессіз өсуін көрсетеді.

Осыған байланысты көлік дәліздерін және басқа да позитивті факторларды белсенді дамыту нәтижесінде Ақтау порты бағытындағы жүк ағыны көлемін ұлғайту болжануда. Осының салдарынан тасымалдау жағдайларын жетілдіру, порттың инфрақұрылымын дамыту және кеңейту қажеттілігі өткір туындап отыр.

Осыған байланысты көлік дәліздері жүйесінде стратегиялық бағыттарды дамытуда төменде аталған іс-шараларды іске асыру айрықша рөлді білдіреді.

| Іс-шаралардың атауы | Қызметтің негізгі бағыттары | Орындау мерзімі |
|---|---|---|
| 1. Трейдингілік және экспедиторлық ұйым. дардың жұмыстары үшін тартымды жағдай жасау | Транзиттікті қоса алғанда экспорттыққа бейімделген жүктерге, қатысты икемді тарифтік саясат жасау бойынша мемлекеттік органмен және шектес көлік ұйымдарымен тығыз ынтымақтасу. Кеме қатынасы компаниялары мен тиісті келіссөздер негі. зінде жалдау төлем бәстерін азайту. Порттағыдай шектес көлік ұйымдарында ұсынылатын қызмет көрсетулердің сапасын жетілдіру. Транзиттік жүктер үшін ақысыз сақтау мерзімін ұлғайту. | 2001-2005 жылдар бойы |
| 2. Маркетингтік коммуникациялардың барлық түрлерін пайдалану | Тұрақты жеке байланыстар арқылы іскерлік байланыстарды ретке келтіру. Тікелей жүкқұрастырушы және жүк тұтынатын аймақтарға, тасымалдау және тиеп-түсіру кезіндегі кемшіліктер мен проблемаларға қатысты мәселелерді және зерделеу және оларды шешу жолдарын талдау үшін трейдингілік және | 2001-2005 жылдар бойы |

экспедиторлық компаниялардың
кеңселеріне жоспарлы шығу.
Көліктік қызмет көрсетулер
саласындағы ірі шетелдік
кәсіпорындармен тәжірибе
алмасу мақсатында халықаралық
көрмелер мен конференцияларға
қатысу, бәсекелестер туралы
ақпарат жинау, әлеуетті
әріптестермен байланыстарды
жақсарту, балама көліктік
бағыттардан жаңа жүк ағындарын
тарту;
Интернетте ақпараттық маңызды
және тұрақты жаңарып тұратын
WEB беттер және арнайы сайттар
жасау;
Ағымдағы және одан кейінгі
жылдар ішінде нәтижеге бағдар.
лап жоспарлы жарнама жүргізіп
отыру;

---

3. Ақтау теңіз сауда портының және шектесін жатқан аумақтар база. сында Арнайы экономи. калық аймақ (АЭА) құру | Клиенттермен қажетті өзара қарым-қатынас орнатуды жеделдетуге септігін тигізетін электрондық биржаларды перс. пективалық дамыту. | 2002-2005 жылдар бойы

Бос жатқан аумақтарды беру
және "АТСП" РМК беру арқылы
аймақтық позицияларды күшейту
және ұлғайтатын ауданды 200 га
дейін жеткізумен одан әрі порт.
тың аумағын солтүстік шығыс
бағытындағы порттың одан әрі
кеңейту жөнінде іс-шаралар
жүргізу.
Аймақ құру кезінде енгізілетін
жеңілдетілген салық салу "АТСП"
аймақтың және порттың

| | | |
|---|---|---|
| | инфрақұрылымын жақсартуға және қуаттарды кеңейтуге аудандарды, оның ішінде қойма. лық аудандарды ұлғайтуға, сондай-ақ импорталмастырғыш және экспорттыққа бейімделген өнімдер сияқты жаңа өндірістер құруды ынталандыруға мүмкіндік береді. | |
| 4. "Қазақстан Респуб. ликасындағы сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңының" негізінде нормативтік құқықтық базаны жетілдіру сияқты кәсіпорынның тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған ішкі өндірістік қыз. метті нығайту жөнін. дегі іс-шараларды жүзеге асыру | Өндірістік процестерді нақтылайтын және "АТСП" РМК қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдерді реттемейтін өндірістік қатынастарды реттей. тін нормативтік құқықтық кесім. дер әзірлеу. | 2001-2005 жылдар бойы |
| 5. Белгіленген өзара қатынастар мен алдын ала уағдаластықтарды ескере отырып, перс. пективалық жобаларды одан әрі дамыту және іске асыру | "Испат-Кармет" ААҚ-ның Ақтау-Баку-Батуми бағыты бойынша металл тасымалдау. Ресей және өзбек тараптарының қатысуымен өзбек мақтасын тасымалдау | 2001-2005 жылдар бойы |
| 6. Толқын тосқы мен дамбаларды қалпына келтіру | Порт акваториясын толқыннан қорғау мақсатында, сондай-ақ портта мұнай құю айлақтарының бар болуына байланысты кеме қатынасы қауіпсіздігі мақсатында | 2002-2005 жылдар бойы |

| | | |
|---|---|---|
| 7. Порттың жобалық қуатын игеру үшін жабдықтар мен меха. низмдердің қажетті санын қамтамасыз ету | - вагондарды уақтылы өңдеу үшін жүк көтергіштігі 80 тонна қосымша кран сатып алу; - жүк көтергіштігі 16 тонна екі автотиегіш сатып алу; - паркте автомашиналар, шағын механикаландыру техникасы (автотиегіштер, шөмішті авто. тиегіштер, порттық тартқыштар) және екі мобильдік кран болған. да жөндеу жұмыстарына шығынды азайту үшін орын аппараты мен порттық техниканың карбюратор. ларын жөндеу, қалпына келтіру және қызмет көрсету бойынша стендтер сатып алу. | 2002-2005 жылдар бойы |
| 8. Сүйрегіш-көмкергіш лизингі | Жеке сүйрегіштің болмауына байланысты "АТСП" РМК "Қазтеңізкөлікфлотынан" (Әзірбайжан) "Тоусан-5" сүйрегішін тиімсіз шартта жалға алуға мәжбүр, осы орайда оны ұстауға жыл сайынғы шығын 886,6 мың АҚШ долларын құрайды. Лизинг шартымен сүйрегіш-көмкергішті сатып алу "АТСП" РМК-ның қажеттігі мен шығыстарын азайтуға және порттық операциялардың тиімді. лігін арттыруға негізделген. | 2002-2005 жылдар бойы |
| 9. Өндірістік процес. терді автоматтандыру | Портта бар, оның ішінде институционалдық даму, құрылыс келісім-шарты және порттың жеке қаражаттарының есебінен "АТСП" РМК ақпараттық технологияларын белсенді дамыту. | 2002-2005 жылдар бойы |

| | | |
|---|---|---|
| | Ақпараттық технологияларды одан әрі дамыту мынадай негізгі салаларға бейімделген:<br>а) есептеу техникасының ағымдағы паркін алып жүру және локальдық есептеу жүйесін бағдарламалық қамтамасыз ету (жүйелік және қолданбалы);<br>б) ақпараттық ағындардың тап. сырмаларын шешуге арналған жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және ендіру, порттық құрылымдарын жеке компьютерлермен жабдықтау;<br>в) қызметшілерді қолданбалы бағдарламалармен жұмыс істеуге оқыту. | |
| 10. Бар қызметшілер. дің біліктіліктерін арттыру | Сырттан оқытушылар мен мамандарды тартумен ИТР және қаржылық есеп, маркетингілік қызмет мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту жүргізу. "АТСП" РМК мамандарын кадр. ларды даярлауға жыл сайын бекітілетін жоспарда көзделген теңізпорттарымен маманданды. рылған оқу орындарына жіберу. мен қажетті тәжірибе алмасу жүргізу. | 2001-2005 жылдар бойы |
| 11. Сабақтас ұйымдар. мен қарым-қатынастарды дамыту | Тасымалдаудың және жүктерді тиеп-түсірудің бірыңғай тех. нологиялық процесіне кіретін жұмыстар өндірісін үйлестіру және уақыт бойынша келістіру мақсатында желілік жоспарлау әдісін одан әрі қолдану бөлі. гінде сабақтас темір жол көлік | 2002-2005 жылдар бойы |

ведомстволарымен порттың өзара
қарым-қатынасын дамыту.

| | | |
|---|---|---|
| 12. Баутино жүк ауданын дамыту | Бас жүктерді және жабдықты өңдеу үшін жүк көтергіштігі 12 тонна кран сатып алу. | 2002 жыл |
| | Болашақтағы құрылыс мәселе. лерін қарау: | |
| | - кеме жөндеу базасы; | 2004-2005 жж. |
| | - кеме құрылысы зауыты. | 2005-2007 жж. |

## 3.2. Өндірісті дамыту

Порттың негізгі қызмет түрлері құрғақ жүктерді, мұнайды және мұнайөнімдерін тиеп-түсіру болып табылады.

### 3.2.1. Құрғақ жүктерді тиеп-түсіру

Рыноктың маркетингтік зерттеулерін негізге ала отырып және порттың өндірістік мүмкіндіктерін ескере отырып, құрғақ жүктерді тиеп-түсіруді 2001-2005 жылдарға арналған мынадай болжамы ұсынылады.

| Жүк түрлері, мың тонна | 2000 ж. | 2001 ж. | 2002 ж. | 2003 ж. | 2004 ж. | 2005 ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | нақты | жоспар | болжам | болжам | болжам | болжам |
| Құрғақ жүктер (барлығы) | 736 | 938 | 1000 | 1050 | 1100 | 1200 |
| Оның: Металл | 701 | 906 | 900 | 900 | 900 | 900 |
| Басқалар | 35 | 32 | 100 | 150 | 200 | 300 |
| Астық | 15 | 25 | 200 | 250 | 250 | 300 |
| Паромдық тасымалдар | 8 | 51 | 816 | 816 | 830 | 830 |

1. МЕТАЛЛ

Ақтау портындағы тиеліп-түсірілетін бас жүктің негізгі көлемі (бас жүктердің 91% металл өнімдері құрайды, оның 67% "Испат-Кармет" ААҚ өнімі болып табылады) Иранға экспортталады. "Испат-Карметтен" қазақстандық метталпрокатының тасымалдаудың екі бағыты бар, атап айтқанда Ақтау теңіз порты және Серакс ст. ( Түркіменстан мен Иранның арасындағы шекара өткелі), арқылы, сондай-ақ Астрахань порты және Ақтау порты арқылы ресейлік комбинаттардан металл өнімдерін тасымалдаудың екі бағыты бар.

Жүк ағынын ұлғайтуға әсер ететін негізгі факторлар:

1. Темір жол тасымалы мен "АТСП" РМК икемді саясатын жеңілдік беру есебінен транзиттік жүктердің үлкен көлемін тарту;

2. Жүктерді жеткізу мерзімін қысқарту;

3. Жақсартылған сервис (ақысыз сақтау мерзімін ұзарту клиенттерге қызмет көрсету жылдамдығы және т.б.);

Шығыс-Еуропа сату рыногынан Жаңа-Ауыл - Новороссийск желісінен Жаңа-Ауыл - Ақтау - Баку - Батуми -Волго-Дон - Қара теңіз-Жерорта теңізі бассейні порттары бағытына металл өнімінің экспорттық ағынын қайта бағыттау.

Давальческі шикізатын жеткізуді дамыту және сусымалы жүктердің импортын тиісті арттыру.

Жүк ағыны көлемін ұстайтын факторлар:

Иранда металл өнімдерінің рыногын арттыру;

Тасымалдаудың балама бағыттары (қазақстандық металлпрокатын "Испат-Карметтен" Серакс, Новороссийск порты арқылы, ресейлік металл өнімдерін Астрахань порты арқылы металлургия комбинаттарынан) болып табылады.

Дамытудың индикативтік жоспары жылына оңтайландырылған болжам - 1 млн. тонна, торыққан - 700 мың тоннаға бейімделген. Бесжылдыққа арналған индикативті жоспар үшін жылына 700 ден бастап 900 мың тоннаға дейін қабылданады.

2. АСТЫҚ

Қазақстан үшін Иран ерекше қызығушылық білдіреді, рыногының сыйымдылығы жылына 5,5 млн. тоннаға бағаланады. Астықты Ақтау порты арқылы тасымалдау республиканың батыс облыстарынан өнімді экспорттаған кезде едәуір үнемді бере алады. Астық терминалын салу тек отандық өндірушілердің астығын тиеп-түсіруді ұлғайту үшін ғана емес, сондай-ақ транзиттік жүктерді тарту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Жүк ағынын ұлғайтуға әсер ететін негізгі факторлар:

1. Астықтың әлемдік рынокта қалыптасқан жағдайы (бір жағынан Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының жоғары егінжайлығы екінші жағынан Европада, Канадада және басқа елдерде құрғақшылық пен егінжайдың болмауы);
2. Астықты ИИР жеткізу жөніндегі үкіметтік бағдарламаларды іске асыру;
3. Қазақстандық астықты әзірбайжанның сату рыногына ығыстыру болып табылады.

Жүк ағыны көлемін ұстайтын факторлар:

Ақтау портына дейін темір жол көлігімен тасымалдауға жоғары тарифтер;

Бәсекелес бағыттардың болуы болып табылады.

Жоғары көрсеткіш - 300 мың тонна, кемінде - 100 мың тонна. Бесжылдыққа арналған индикативті жоспар үшін жылына көлемі 150-300 мың тонна шегінде қабылданады.

## 3. БАСҚА ДА ЖҮКТЕР

Бес жылдық ішінде басқа да жүктерді тиеп-түсіру көлемінің өсуі көзделіп отыр және олардың көлемі бес жылдықтың соңына дейін 300 мың тоннаны құрайды.

Ақтау порты арқылы жүктердің мына түрлерін тиеп түсіру жүзеге асырылады: қорғасын және мырыш концентраты, кокс, асбест, барит, цемент, жабдық, цитрустық өнімдер, азық-түліктер, контейнерлер, ХТТ (халық тұтынатын тауарлар) және т.б.

Олардың Қазақстанға Ираннан, Әзірбайжаннан және басқа да елдерден

қорғасын және мырыш концентраты, цитрустық өнімдер, азық-түліктер, жабдықтар, ХТТ және т.б. импортталады.

Қазақстаннан кокс, асбест, барит, цемент, минералдық тыңайтқыштар және т.б. экспортталады.

## ПАРОММЕН ТАСЫМАЛДАНАТЫН ЖҮКТЕР

Осы кезеңге паромды қатынаспен жөнелтілетін негізгі жүк көлік құралы, мұнай жабдығы, бур ерітіндісі, құрылыс материалдары, азық-түлік өнімдері

болып табылады. 2000 жылы қыркүйекте Ақтау-Наушахр (Бакуге кірумен) паромды желісінің енгізілген жүктерді ұлғайту үшін қажетті алғышарттар жасауға мүмкіндік берді.

Жүк ағындарын ұлғайтуға әсер ететін негізгі факторлар:

1. Паромды кешенді қайта жаңартуды аяқтау;
2. Ақтау-Баку-Ноушахр паромды желісін толыққанды пайдалану;
3. Ақтау-Астрахань жаңа бағытын ашу;
4. Жүктердің жаңа түрлерін тарту (мақта, жабдықтар және т.б);
